

З.Р. Курманбекова
Қ.Қ. Сарекенова
Қ.Т. Маликов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
*Корреспонденция үшін автор: kurmanbekova.zulfiya@mail.ru

«Интернет-мем» және олардың түрлері

Аңдатпа. Интернет-мемдер – бейвербалды құралдың бірі ретінде әлеуметтік желілерде қазіргі кезде белсенді қолданылады.

Мақалада әлеуметтік желі тіліне тән осындай бейвербалды құрал – Интернет-мемдер қарастырылады. Интернет-мемнің пайда болуы галамтордың жанрлық құрылымының күрделенуі мен дамуына тікелей байланысты. Олар өздерінің бай семантикасы және жоғары экспрессивтілігімен ерекшеленеді. Интернет-мемнің осы ерекшелігі олардың Интернет-кеңістікте жылдам әрі кең таралуына мүмкіндік берді.

Мақалада ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, Интернет-мемнің анықтамасы ұсынылды. Интернет-мем дегеніміз – әлеуметтік желідегі галамтор қолданушыларының қауымдастығы үшін өмір желі тәртібін көрсететін және жеке коммуникативтік пре-суппозицияларды креолды және мәтіндік түрге жылдам айналдыруға бағытталған мәдени код. Интернет-мемдер екі топқа ажыратылады: креолды мемдер (сурет+мәтін) және бірыңғай мәтіндік мемдер. Креолды мемдер біртекті (гомогенді) мағыналық жүйеге ие, екі түрлі құрылымдық деңгейден тұрады: тілдік (вербалды), визуалды (графикалық, сурет, дыбыстық т.т.), дыбыстық-музыкалық, әлеуметтік желілерде тілдік жағын дыбыспен беру де кездеседі. Мәтіндік мемдер құрылымы жағынан мынадай топтарға бөлінеді: сөз-мемдер; сөз тіркесінен жасалған мемдер; сөйлем-мемдер. Мақалада осы екі топтың жасалуы, түрлері, білдіретін мағыналары сөз болады. Әлеуметтік желідегі тіл мәдениетінің сақталуы Интернет-мемдерге де қатысты. Мақалада осы мәселеге қатысты өзіндік ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: интернет мемдер, интернет-қатынас, интернет-кеңістік, бейвербалды амалдар, креолды мемдер, мәтіндік мемдер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-42-51>

Кіріспе

Әлеуметтік желілердегі тілді пайдаланудың негізгі факторларының бірі – тілдік үнемдеу құбылысы. Үнемдеу көп жағдайда бейвербалды құралдар арқылы беріледі.

Осыған орай қарым-қатынас кезінде тілдік амал-тәсілдермен қатар паратілдік құралдар – бейвербалды элементтер де қолданылады. Өйткені сөйлеу тілі – ақпарат берудің, ақпа-

рат жеткізудің сан түрін, тілдік және тілдік емес, тілден тыс өзге де арналарын, олардың әрқайсысына тән өзіндік ольфакторлық, тактильдік, көзбен көруге болатын, құлақпен еститін т.б. амалдары мен тәсілдерін тәжірибеде пайдалануға болатындығымен ерекшеленетін күрделі құбылыс [1, 3 б.].

Қазақ тілі бейвербалды амалдарға өте бай. Мұндай паратілдік құбылыстарды былай ажыратуға болады: кинесикалық амалдар:

қабак шыту, қол жаю, жағын таяну, бас изеу; такесикалық амалдар: алақанын ысқылау, аяқтан шалу, арқасынан сипау; просодикалық амалдар: демін ішіне тару, ышқыну т.б.

Қазақ мәдениетінде ер адамдарға және әйелдерге тән бейвербалды, паратілдік амалдар кездеседі, мәселен, бетін шымшу әйелдерге тән ишарат болса, ал қамшы тастау ер адамдарға тән [1, 8 б.].

Қазіргі кезде ғаламтордың күнделікті тұрмысымызға деңдеп енуі Интернет-қатынас тіліндегі бейвербалды амалдарды көбейтті әрі оларды графикалық және мазмұндық жағынан түрлендіре түсті.

Интернет-қатынастың бейвербалдылыққа шындап бет бұруы таңбалау құралы ретінде эмотикондардың, графикалық және креолдылықтың пайда болуымен сипатталады, демотиваторлар, мемдер, комикстер т.т. таңбалар бейне бір «вирус» тәрізді ғаламтор мен әлеуметтік желілерде кеңінен тарап кетті. Уақыт өткен сайын олар қамтитын тақырыптар да, образдар да көбейе түсуде.

Қазіргі уақытта Интернет-қатынастағы бейвербалдылық түрлері негізінен мыналар: эмотикондар, демотиваторлар (қара түсте орнатылған және түсініктемесі бар сурет), эд-вайс (интернет-плакат), Интернет-комикстер, құттықтау хаттары, Интернет-мемдер.

Аталған амалдардың ішінде қолданылу жиілігі мен танымалдылығы тұрғысынан эмотикондар ерекше тұрады.

Медиа-кеңістіктегі эмотикондардың таңбалық жүйесінің пайда болуы, бір жағынан, желідегі тілдік үнемдеудің өзіндік бір тәсілін көрсетсе, екінші жағынан, осы бейвербалды амалдардың (кинесика, мимика, такесика) көмегімен сөйлеу экспрессивтілігін арттыратындығы назарға алынады. Айталық, адам өз эмоциясын әрқашан таныс сөздермен жеткізе алмауы мүмкін, сондайда эмотикондар қолдануға өте қолайлы. Қазіргі ғаламтор желілерінде эмотикондар жүйесінің бай қоры жасалды десек те болады.

Эмотикондар неғұрлым қарапайым эмоцияларды (күлімсіреу, ұнату, көтеріңкі көңіл-күй, бір нәрсеге тәнті болу, реніш т.т.) білдіру үшін қолданылады, олардың жұмсалуын жаз-

баша қарым-қатынастағы драмалық шығармаларға тән авторлық ремаркалардың қызметімен салыстыруға болады.

Эмотикондар Интернет-қатынастағы алғаш пайда болған иероглифизация -лау элементтерінің бірі.

Ғаламтордың жанрлық құрылымдарының дамуы мен күрделене түсуі, сондай-ақ оны қолданушы аудиторияның кеңеюі желілерде эмотикондардан басқа да таңба типтерінің пайда болуына әкелді. Интернет-мемдер – сондай құралдың бірі және эмотикондарға қарағанда олар бай семантикасымен, жоғары экспрессивтілікті білдіруімен ерекшеленеді.

Интернет-мемдер ақпаратты жеткізудің визуалдылығын арттыратын үрдіс, әлеуметтік желі қолданушыларының еш дайындықсыз жазба тілін бейнелеуге қабілетті, жазбаша ментальділіктің жаһандық дамуының когнитивтік құрамдас бөлігі. Мақалада Интернет-мемдер, олардың шығуы мен қалыптасуы, түрлері баяндалады.

Материалдар мен әдістер

Мақала материалдары қазақтілді әлеуметтік желілерден алынды, Facebook, Вконтакте, веб-парақшаларындағы жазбалар пайдаланылды. Сондай-ақ, KzMemes парақшасындағы материалдар қарастырылды. Тілдік және графикалық мысалдарды пайдалану барысында талдау, салыстыру, сипаттау, танымдық тұрғыдан баяндау әдістері қолданылды. Кейбір сөздердің шығу төркінін анықтау мақсатында түсіндірме сөздіктер, ғаламтор желілеріндегі ақпарат пайдаланылды.

Зерттелу тарихы

Қазақ тіл білімінде жалпы ғаламтор тілі қызығушылық тудырып жүр, тек осыған арналып монографиялық түрде жарық көрген еңбектер болмаса да, оның түрлі мәселелері ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Компьютер және ғаламтор дискурсындағы терминдер Г.Н. Смағұлованың мақаласында [4], дискурс теориясындағы Интернет-дискурс түсінігі К.Қ. Садированың монографиясында

[5], ғаламтор тіліндегі бейвербалды амалдардың қатарында тыныс белгілерінің қолданысы Г.А. Ескермесованың диссертациялық жұмысында [6], ғаламтор тілінің тіл мәдениеті тұрғысынан қарағандағы кейбір сипаты Е. Жұматаевтың мақаласында [7] т.б. зерттеу жұмыстарында сөз болған. Компьютер технологиясына байланысты қазақ тіліне еніп жатқан лексика Г.О. Заурбекованың жұмысында фонетика-лексикалық игерілімі тұрғысынан қарастырылады [8].

Әлеуметтік желі тіліне жанама қатысы бар кейбір зерттеулер ақпараттану саласы тұрғысынан орындалады. Б.Ж. Ергеш «Қазақ тіліндегі арнайы мәтіндерді семантикалық талдау модельдері мен әдістері» атты диссертациясында әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі мәтіндерді сентимент талдау есебін зерттейді. Сентимент талдау – мәтінге реңктік бояу беріп тұрған сөздерді және мәтінде жазылған объектіге, оқиғаға, құбылысқа, үрдіске немесе оның қасиеттеріне қатысты пікірдің эмоционалды бағасын автоматты түрде анықтауға арналған мағыналық талдау (контент анализ) әдістерінің тобы. Бұны есеп деп қабылдаса болады, оны шешу үшін қазақ тіліндегі реңктік бояуларды анықтайтын лексикалық бірліктердің семантикалық базасы және мәтіндерді сентимент талдау модельдері мен әдістері құрылады, қазақтілді мәтіндерді сентимент талдау алгоритмі бағдарламалық жүзеге асырылды. Бұл есепті шешу барысында табиғи тілдерді өңдеу технологиялары, модельдері, әдістері мен алгоритмдері қолданылады және табиғи тілдерді өңдеу саласындағы жаңа бағыттардың бірі [9, 5-6 бб.].

Ал осы мақаланың арқауы болған Интернет-мемдер туралы бұлай айта алмаймыз. Виртуалды қатынастағы Интернет-мемге арналған зерттеулер орыс тіл білімінде кездеседі. Сол ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, Интернет-мемді айқындауға байланысты тар және кең мағынадағы пікірлер кездеседі.

Тар мағынада Интернет-мемді кез келген ақпаратты немесе фразаларды тұрақты түрде тарату арқылы Интернет-қатынастағы спонтанды танымалдылық құбылысы ретінде түсіндіреді (Ю.В.Щурина) [10].

Ал кең мағынада Интернет-мем әлеуметтік желідегі ғаламтор қолданушыларының жабық қауымдастығы үшін өмір/желі тәртібін көрсететін мәдени код, жеке коммуникативтік пресуппозицияларды креолды және мәтіндік түрге жылдам айналдыруға бағытталған (Н.Г. Марченко) [11].

Интернет-мемдерге қатысты тағы бір мәселе – оларды тіл мәдениеті тұрғысынан қарастыру. Қазіргі кезде жалпы әлеуметтік желілердегі сауатсыздық мәселесі жиі қозғалады [12]. Бұл өте орынды, тіл мәдениетінің біз сөз еткен Интернет-мемдерге де қатысы зор.

Әлеуметтік желідегі сөйлеу мәдениетін сақтау ана сөзді былай жаз, мына сөзді осылай жазу керек деген сияқты түзетумен шектелмесі анық. Әрине, мұндай нұсқаулар да керек, ол – анық. Сонымен бірге біз мәселенің түп-төркініне үңілуіміз керек. Мәселенің түп-төркіні, ол – желі қолданушыларының тілдік күзіреттілігінде жатыр. Әлеуметтік желі қолданушыларының тілдік біліктілігі неғұрлым жоғары болса, олар саналы түрде дұрыс жазу машығын қалыптастырады, сауатсыздықтан арылады. Сондықтан жалпы қоғамның, оның ішінде ғаламтор қатынасы да кіреді, тілдік деңгейін көтеруге қызмет етуіміз керек.

Тіл мәдениетімен ұзақ жылдар айналысып келе жатқан ғалым Н.Уәлиұлы мұндай күзіреттіліктің үш түрін көрсетеді:

- 1) біліктілік күзіреті (жоғары білікті маман ретіндегі күзіреті);
- 2) тілдік күзіреті (ана тілін тиісті деңгейде білуі);
- 3) лингвистикалық күзіреті (әдеби тіл нормалары, тілдің негізгі даму үрдістері жөнінде тиісті деңгейде лингвистикалық біліктілігінің болуы) [13, 35-б.].

Осы үш түрлі күзіреттілікке ие желі қолданушылары да аз емес. Алайда әлеуметтік желінің шапшаңдығы мен дайындықсыз жазбаша қатынастың басымдылығынан, соған төтеп бере алмай, шылауында кететін, желі қолданушылары да едәуір. Оған орыс тілінің, ішінара ағылшын тілінің ықпалын қоссаңыз, желідегі шалажансар тілдің қалай пайда болатындығы өз-өзінен түсінікті.

Бізге осындай тілдік келеңсіздіктің алдын алу керек. Ол әсіресе жастар арасында, жоғары оқу орындарында, түрлі білім беру мекемелерінде қазіргі қоғамдық өмірге негізделген курстар жүргізудің маңыздылығы. Солай ғана қазақтілді Интернет-кеңістіктегі сапалылықты арттыруға болады. Ғылыми негізделген, нақты өмір шындығымен біте қайнасқан курстар сапалы контент қалыптастыратындығы анық.

Осындай қадамдар желі қолданушыларының тілдік санасын жетілдіреді. Тілдік сана қоғамдық сананың бір бөлігі бола отырып, адамның сөйлеу әрекеті тетіктерін басқарады. Тілдік сана – танымның құрамдас бөлігі.

В.А. Маслова осы танымдық бірлікті «адамның құндылықтарды, заттар мен құбылыстардың универсалды байланысын тану мүмкіндіктерін әрі сол сабақтастық негізінде әрекет ету өзгешеліктерін» қарастыра отырып, «кез келген ілімнің қалыптасуын дәйектейтін құрылымы» деп атап көрсетеді [14, 14-б.].

Қазіргі кезде тіл мәдениетінің зерттеу бағыты да танымға қарай ойысқаны шындық. Тіл мәдениеті сөздің коммуникативтік сапасын жекелеген сәтті немесе сәтсіз деректерге қарай талдауға қанағаттанбайды, тіл мәдениетін сөз актісінің аяқталған нәтижесі қызықтырады. «Сөз айтылғанға (жазылғанға) дейін де, яғни вербалданғанға дейін адресант-автордың «айтсам», «жазсам» деген діттемі, «нені айтсам» (жазсам), «қалай айтсам» (жазсам) деген мақсаты, қызығушылығы болады» [15, 9-б.].

Бұл айтылған ғылыми пікірлердің Интернет-қатынас тіліне де тікелей қатысы бар. Интернет-қатынаста желі қолданушылар қарым-қатынасқа дейінгі кезеңді де, тілдік сипат алып, қолданысқа ие болған вербалды кезеңді де назарынан шығармай, сөз сапасын талдап, тексеріп отыруды ойдағыдай жүзеге асыру керек. Бұның сөз қолданыстармен қатар бейвербалды құралдарға да бірден-бір қатысы бар.

Талқылау

Интернет-мем ұғымы «мем» деген сөзден (грек тіліндегі μιμητής (mimētēs), қазақша «ұқсас», «секілді, сияқты», «имитатор» мағыналарын білдіреді) шыққан. Ағылшын тілінде теме сөзі «мим» деп оқылады, ғаламтордың

қазақстандық сегментінде Рунет нұсқасы қолданылатындықтан, орыс тіліндегідей мем атауы жұмсалып жүр [2].

Әлеуметтік желілер тілін зерттегенде дайындықсыз жазбаша тіл деген ұғым пайдаланылады. Бұл әлеуметтік желі тілінің ауызекі сөйлеуге де, жазбаша тілге де жақындығын білдіреді. Осы ұғымды ғылыми тұрғыдан баяндауды кейінге қалдыра отырып, әлеуметтік желі тілінің қарым-қатынастың осы екі формасының тұтастығын, бір жерге тоғысқандығының көрінісі екендігін атап өтеміз.

Әлеуметтік желі тілі дайындықсыз жазба тілдегі холизм бағытының (грекше ὅλος «барлығы, бүтін» деген мағына білдіреді, әртүрліжүйелер (мысалы, физикалық, биологиялық, әлеуметтік) тек бөліктердің жиынтығы ретінде емес, тұтастай қарастырылуы), сонымен бірге иероглифизациялаудың белсенділігімен сипатталады. Иероглифизациялау әлеуметтік желі аясында Интернет-мемді жасаушы жаңа таңбалық жүйе ретінде өріс алып отыр.

Кейбір деректерге сүйенсек, мем терминін ең алғаш қолданған ғалым Рихард Земон. Ғалым 1904 жылы зоология саласындағы еңбегінде репликацияны, яғни әлдебір ағзаның өз-өзін қайталап, көшіре беру қабілетін түсіндіру үшін мем деген терминді пайдаланған. Ғылыми ортада көптеген жылдар бұл атау осы мағынада қолданылады [2].

1976 жылы Ричард Докинз *The Selfish Gene* («Өзімшіл ген») деп аталатын әлеуметтану саласы бойынша жарық көрген еңбегінде мем ұғымын пайдаланады, терминнің мәні мен қолданылу жай-жапсарын анықтайды. Автордың түсіндіруінде, табиғатта жанды дүниенің бәрі өз-өзін көшірудің арқасында өсіп өнеді. Оны белгілі бір сипат-функцияны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын ген арқылы көреміз.

Р. Докинздің айтуынша, дәл осы тәрізді мәдениет саласында да әлдебір ақпаратты сақтап, тарататын ақпарат бірлігі бар, ол – мем. Мем дегеніміз – мәдени ақпаратты, яғни ұқсастықты жеткізудің негізгі бірлігі.

Р. Докинз пікірлерді, әуендерді, адам жиі қолданатын сөздерді (мысалы, сөйлеу тілінде

жиі кездесетін «деп қояд дид» деген сияқты), тағам атауларын, афоризмдерді, тіпті Құдай туралы түсінікті де мемге жатқызған. Басқаша айтқанда, саналы әлде бейсаналы түрде ауызша, жазбаша, бейнежазба, ғұрып, басқа да жолдар арқылы біреуден біреуге берілетін кез келген вирус идея. Оған репликация (адамдар бір-біріне жеткізіп таратып отырады) және мутация (таралу барысында өзгеріске ұшырайды) тән.

Психиатр В. Бехтерев, биолог Э.О. Уилсон, басқа да ғалымдар «мәдени гендер», «ментал микробтар» жайында жазады. 1994 жылы америкалық медиатанушы Дуглас Рашкофф мемге синоним ретінде «медиавирус» терминін енгізеді, алайда жалпы ғылыми салаларда Ричард Докинздің есімі мем ұғымын қолданысқа енгізуші ретінде ерекше аталады [3, 29-30 бб.].

Мем ұғымының осылай әр салада едәуір уақыт қолданылғанына қарамастан, қазіргі лингвистика үшін жаңа деп қарастыруға болады. Сонымен бірге қысқа мерзімде гуманитарлық салалар үшін мем орталық ұғымның біріне айналып үлгерді.

Интернет-мем желі арқылы берілетін күрделі менталды құрылым, ол екі бөліктен тұрады: вербалды (мәтін) және паратілдік (сурет). Бұл екі бөлік бірлесе отырып, онлайн қауымдастыққа қандай да бір идеяны ұсынады.

Интернет-мем желі қолданушыларының өзара шығармашылық нәтижесі болып табылады, сәйкесінше Интернет-мемнің бекітілген нақты шығарушысы болмайды.

Интернет-мемнің ең бір ұтымды жағы неғұрлым өзекті пікірдің болуы және қысқалығы, олардың негізгі бағдары да – осы. Сонымен бірге әрі қарай жалғасын оқырман (желі қолданушысы) тарапынан табады, демек, оларда идея жалғастығы, мәреге жетудің ашықтығы бар. Әлеуметтік желілердегі Интернет-мемдерді шолып шыққанда, оған тән болып келетін мынадай белгілер байқалды: сәйкессіздік, кейде шектен шығушылық, әдейі бұрмалаушылық, тілдік берілуінің мағынасыздығы (абсурд) да кездеседі, коммуниканттар пресупозициясының әлеуметтік мәдени тұрғыдан ортақтығының көрінісі.

Қазіргі ғаламтор кеңістігіндегі Интернет-мемдерді түрлі топтарға ажыратып жүр: мәтіндік мемдер; бейнелеу мемдері; медиа мемдер; креолды мемдер [4, 149 б.].

Бейнелеу мемдері екі түрлі болып келеді: шынайы суреттен тұрады (мысалы, қолымен бетін жабу, «ұят» мағынасын білдіреді) немесе графикалық редактордың көмегімен өзгертілген, өңделген суреттен тұруы, мұны ғаламтор тілінде «фотожаба» деп те атайды. Медиамемдерге желі қолданушыларының жеке парақшаларында орналастырылған бейнежазбалар жатқызылады.

Креолды мемдерге тілдік және паратілдік элементтерден тұратын мем түрлері енеді. Мәтіндік мемдер кітаптар мен фильмдерден, жарнама, жаңалықтардан алынған дәйексөздер, пікірлер, әртүрлі әлеуметтік топтарда қолданылтын сленгтер, жаргон сөздер, ауызекі тіл элементтері болуы мүмкін.

Нәтижелер

Сонымен, Интернет-мемнің екі бөліктен тұратындығын (мәтін+сурет) ескерсек, оларды басты екі топқа ажыратуға болады: креолды мемдер (сурет+мәтін) және бірыңғай мәтіндік мемдер.

Креолды мемдер біртекті мағыналық жүйеге ие, екі түрлі құрылымдық деңгейден тұрады: тілдік (вербалды), визуалды (графикалық, сурет, дыбыстық т.т.), дыбыстық-музыкалық, әлеуметтік желілерде тілдік жағын дыбыспен беру де кездеседі.

Мысалы:



Сурет 1. Креолды Интернет-мем



Сурет 2. Креолды Интернет-мем

Креолды мемдер кейбір жағдайларда танымал фразаларды қалыптастырудың платформасына айналады десек те болады, өйткені олардың кейін желі қолданушылары оңай түсінегін мәтіндік мемге ауысуы әбден мүмкін.

Мәтіндік мемдер сөздер мен сөйлемдерден құралады. Мысалы: Ұятмен;

Беташар; Тойхана//Тоюхана; Бәкеден келдім т.б.

Мәтіндік мемдер құрылымы жағынан мынадай топтарға бөлінеді: 1) сөз-мемдер; 2) сөз тіркесінен жасалған мемдер; 3) сөйлем-мемдер.

Сөз-мемдер:

Той; Ұятмен; Беташар; Тойхана//Тоюхана; Құдалық; Билік; Дінспектор;

Сөйлемет; Күйеулокация; Тұсаукешер; Жейберализм; Чатриот; Оралман (Орал қаласының тумасы); Сүрприз (ауылдан келген тосын сый) т.б.

Сөз тіркесі мемдері:

Қалың мал; Көк тудың желбірегені; Морадермін ғо...; Жастық шақ; Халқ-қа қызмет көрсету орталығы; Қарихи оқиға; Цифрлық Қазақстан т.б.

Сөйлем-мемдер:

Он сегіз бен жиырма бес қайтып келмейді! Бәкеден келдім; Саналы ұрпақ – жарқын болашақ; Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті; Сіз кереметсіз! Қалайсың, брат? Брат, сенде каспийде ақша жоқ па? Даусыңыз маңызды! Журналистерді қудаламаңыз! т.б.

Мәтіндік мемдердің, сол сияқты креолды мемдердің де қамтитын тақырыбы әр алуан: саясат, қоғамдық-әлеуметтік өмір, желі қолданушыларының жеке өмірі мен әуестігі т.т.

Интернет-мемдердің астарлы мағынасы болады. Олар өздеріне тән арнайы белгілерге ие бола отырып (бұрмалау, шектен шығу, мағынасыздық), сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік өмірге желі қолданушының көзқарасын білдіреді. 2-суретте берілген креолды мемде Бәкеден келдім. Вы приняты қоғамдағы ирониямен беру бар. Қазіргі қазақ қоғамындағы тілдік ахуалды да (қазақша мен орысшаны араластырып сөйлеу) қаз қалпында көрсете отырып, қоғамдық мәселені сол қалпында бейнелейді. Жейберализм сөз-мемі де тілдік норманы бұрмалау арқылы желі қолданушысының қоғамдық келеңсіздікке деген өзіндік үнін білдіреді. Бұрмалау мына жағдайларда көрінеді: дыбыстық және мағыналық бұрмалау, гибрид атаулар. Дыбыстық бұрмалау арқылы жасалған Интернет-мемдер: Чатриот(п-ч); Сүрприз ((ю-ү); Тұсаукешер (с-ш); т.т. Мағыналық бұрамалау: Оралман (Орал қаласының тұрғындарына қатысты қолдану). Гибрид атаулар: Сөйлемет(тез сөйлейтін адам); Күйеулокация; Жейберализм. Дыбыстық бұрмалау негізінде пайда болған мемдерде ащы кекесін, тұспал, ишара бар болса, мағыналық бұрмалауларда көбінесе жеңіл юмор қатысады. Қоғамдағы келеңсіздіктермен қатар әртүрлі жағдайларға байланысты орын алған өзгерістер де Интернет-мемнің тақырыбы бола алады. Мысал ретінде пандемиядан кейінгі немесе санитарлық шектеу кезіндегі өзгерістерді алсақ болады. Тақырыпқа қатысты Тоюхана («Тойхана» емес), Ұятмен мемдері пайда болды, алғашқысы той өткізілуге тыйым салынуына орай кәдуілгі тойхананың ендігі жерде ойын-сауық емес, тойып тамақ

ішуге арналғандығын меңзесе, екіншісі пандемия уақытында тойға қатысып, ауру жұқтырғандарды сынайтын мәнде қолданылады. Желі қолданушысының жеке бастамасымен мем жасалады, соның бірі ретінде 3-суретті келтіреміз.



Сурет 3. Креолды Интернет-мем

Интернет-мемдердің көрсетілген тілдік жақтарымен қоса, мына ерекшеліктері де желі қолданушыларының қызығушылығын тудырады, олардың оқырманын көбейтуге қызмет етеді. Сол ерекшеліктерінің арқасында мемдер ғаламтор кеңістігіне кең таралып кеткен. Атап айтқанда:

- автордың маңызды саналмауы;
- тапқырлықпен жасалуы;
- эмоциялылығы;
- қоғам үшін өзекті тақырыпқа құрылуы;
- астарлы мағынаның болуы;
- оны әрі қарай талдау немесе талқылау мүмкіндігінің болуы, яғни ашықтығы;
- өзгертуге бейімділігі т.б.

Қазақстан жаһандық интернет-кеңістіктен тыс қала алмайды. Еліміздегі ақпараттық кеңістікке тікелей ықпал етіп, әлемде және республикада болып жатқан әртүрлі өзгерістерді, оқиғаларды, үдерістерді өз призмасы тұрғысынан жеткізетін желі платформалары бізде де бар. Әлеуметтік желі, видеохостинг және мессенджерлердің қарқынды дамуы

қазақ және орыс тілдерінде жергілікті мемдердің таралуына мүмкіндік беріп отыр. Интернет-мемді жасаумен айналысатын аккаунттар Қазақстанда да пайда болуда.

Солардың бірқатары мыналар: KzMemes парақшасы; alpystogyz; Le Sharalague Comics; Жаңа сөздік; Килелі тезек; желі қолданушылары Мұрат Ділманов, Жазира Өміровна және т.б.

Қорытынды

Әлеуметтік желіде пайдаланатын бейвербалды бірқатар құралдар бар. Атап айтқанда, эмотикондар, демотиваторлар, эдвайс, Интернет-комикстер, құттықтау хаттары және осы мақалада арнайы сөз болған Интернет-мемдер.

Интернет-мемдер – ғаламтордың жанрлық құрылымдарының күрделене түсуі мен дамуына орай пайда болды. Олар аталған бейвербалды құралдарға қарағанда бай семантикасымен, жоғары экспрессивтілікті білдіруімен ерекшеленеді. Интернет-мемнің осы қасиеті олардың Интернет-кеңістікте жылдам әрі кең таралуына мүмкіндік берді.

Интернет-мемге тән белгілер ретінде мыналар аталады: сәйкессіздік, кейде шектен шығушылық, әдейі бұрмалаушылық, тілдік берілуінің мағынасыздығы, коммуниканттар пресупозициясының әлеуметтік мәдени тұрғыдан ортақтығының көрінісі.

Интернет-мемдердің астарлы мағынасы болады. Олар өздеріне тән аталған белгілерге ие бола отырып (бұрмалау, шектен шығу, мағынасыздық), сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік өмірге желі қолданушының көзқарасын білдіреді.

Интернет-мемдерді тіл мәдениеті тұрғысынан қарастыру – Интернет тіліндегі өзекті мәселенің бірі. Осы орайда желі қолданушыларының тілдік біліктілігін арттырудың маңызы өте зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. –136 б.

2. Зиядин Д. Ел іші – мем кеніші.[Электрон. ресурс] –24.06.2020. –URL: <https://baribar.kz/132971/el-ishi-mem-kenishi/> (қаралған күні: 10.05.22).
3. Бродид Р. Психические вирусы. Как программируют ваше сознание. – Москва: Поколение, 2007. –304 с.
4. Смағұлова Г.Н. Компьютер және ғаламтор дискурсы: термин мәселесі // Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясы: конференция материалдары. – Астана, 2014. - 160-164 б.
5. Садирова К.Қ. Дискурология мәселелері. Монография. – Ақтөбе: «Қолибри» баспасы, 2019. – 200 б.
6. Ескермесова Г.А. Қазіргі пунктуация: функциясы мен коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті. Филология докторы (PhD) дәрежесін үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2022. – 155 б.
7. Жұматаев Е. Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты // Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. - №1 (122). - 50-57 б.
8. Заурбекова Г.О. Компьютер технологиясы атауларының қазақ тіліндегі фонетика-лексикалық игерілімі: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2009. –24 б.
9. Ергеш Б.Ж. Қазақ тіліндегі арнайы мәтіндерді семантикалық талдау модельдері мен әдістері. 6D06200 – Информатика. Филология докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 81 б.
10. Шурина Ю.В. Интернет-мемы в структуре комических речевых жанров // Жанры речи. – 2014. - Вып. 1. - Т. 9. – С. 147-153.
11. Марченко Н.Г. Социальная сеть «В контакте»: лингвопрагматический аспект. Диссертация кандидата филологических наук: – Ростов-на-Дону, 2013. –159 с.
12. Жұмашев А. Әлеуметтік желідегі сауатсыздық // Ана тілі газеті. [Электрон. ресурс]. –20.04.2017. - URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/42573> (қаралған күні: 10.05.22).
13. Уәли Н. Терминология және тілдік норма // Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция-ның материалдары. –Астана, 2004. –34-46 б.
14. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск: Тетра-Системс, 2004. –256 с.
15. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация: 10.02.02. – Алматы, 2007. –330 б.
16. Polishchuk O., Vitiuk I., Kovtun N., Fed V. Memes as the phenomenon of modern digital culture. Wisdom. Vol. 2, Iss.15. -P. 45-55.

References

1. Momynova B., Bejsembaeva S. Kazakh tilindegi ym men isharattyn kazaksha-oryssha tysindirme sozdigi [Kazakh-Russian explanatory dictionary of facial expressions and gestures in the Kazakh language] (Kazakh universiteti, Almaty, 2003, –136 p.). [In Kazakh]
2. Ziyadin D. El ishi – mem kenishi [Inside the country-meme mine]. 24.06.2020. Available at: <https://baribar.kz/132971/el-ishi-mem-kenishi/> (Accessed: 10.05.22).
3. Broudi R. Psihicheskie virusy. Kak programmirovat vashe soznanie [Mental viruses. How your consciousness is programmed] (Pokolenie, Moscow, 2007. 304 p.) [In Russian]
4. Smagulova G.N. Komp'yuter zhane galamtor diskursy: termin maselesi [Computer and internet discourse: a matter of term], Tauelsizdik kezenindegi kazakh terminologijasy: konferencija materialdary [Kazakh terminology in the period of independence: conference materials] (Astana, 2014, 160-164 p.). [In Kazakh]
5. Sadirova K.K. Diskursologija maseleleri [Problems of discurology]. Monograph («Kolibri», Aktobe, 2019, 200 p.). [In Kazakh]
6. Eskermesova G.A. Kazirgi punktuacija: funkcijasy men kommunikativtik-pragmatikalyk aleueti [Modern punctuation: function and communicative-pragmatic potential]. Dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) (Almaty, 2022, 155 p.). [In Kazakh]

7. Zhumataev E. Adebі til men aleumettik zheli: til basekelestigi men adebi tildin kazirgi sipaty [Literary language and social network: language competition and the modern nature of literary language], L.N.Gumilev at. EUU Habarshysy. Filologija serijasy [Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. Philology series], 1 (122), 50-57 (2018). [In Kazakh]
8. Zaurbekova G.O. Komp'juter tehnologijasy ataularynyñ kazak tilindegi fonetika-leksikalık igerilimi [Phonetics and lexical assimilation of computer technology names in the Kazakh language]. Dissertation prepared for the degree of Doctor of philology] (Almaty, 2009, 24 p.). [In Kazakh]
9. Ergesh B.Zh. Kazak tilindegi arnayı matinderdi semantikalyk taldau model'deri men adisteri. 6D06200-Computer Science. Dissertation prepared for the degree of Doctor of philosophy. (Nur-Sultan, 2020, 81 p.). [In Kazakh]
10. Shhurina Ju. V. Internet-memy v strukture komicheskikh rechevyh zhanrov [Internet memes in the structure of comic speech genres], Zhanry rechi [Genres of speech], 1 (9), 147-153 (2014).
11. Marchenko N.G. Social'naja set' «V kontakte»: Lingvopragmaticheskij aspe- kt: dissertaciya kandidata filologicheskikh nauk: [Vkontakte social network: Linguistic and pragmatic aspect: abstract of Doctor of Philological Sciences thesis] (Rostov-on-Don, 2013, 159 p.).
12. Zhumashev A. Aleumettik zhelidegi sauatsyzdyk [Illiteracy on social media], Ana tili gazetі [Ana tili newspaper]. 20.04.2017. Available at: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/42573> (Accessed: 10.05.22).
13. Uali N. Terminologija zhane tildik norma [Terminology and language norm], Terminologija zhane til madenie- tinin maseleleri [Problems of terminology and language culture: materials of the Republican scientific and practical conference] (Astana, 2004, 34-46 p.).
14. Maslova V.A. Kognitivnaja lingvistika [Cognitive linguistics] (Tetra-Sistems, Minsk, 2004, 256 p.).
15. Uali N. Kazak soz madenietinin teorijalyk negizderi: 10.02.02 [Theoretical foundations of Kazakh speech culture: 10.02.02]. Dissertation prepared for the degree of Doctor of philology] (Almaty, 2007, 330 p.).
16. Polishchuk O., Vitiuk I., Kovtun N., Fed V. Memes as the phenomenon of modern digital culture, Wisdom, 15 (2), 45-55. [In English]

Z.R. Kurmanbekova, K.K. Sarekenova, K.T. Malikov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

«Internet memes» and their types

Abstract. Internet memes-as one of the non-verbal tools are actively used in social networks at the present time.

This article discusses such a nonverbal tool peculiar to the language of social networks – Internet memes.

The emergence of an Internet meme is directly related to the complexity and development of the genre structure of the Internet. They are distinguished by rich semantics and high expressiveness. This feature of the Internet meme allowed them to spread quickly and widely in the Internet space.

The article proposed the definition of an Internet meme based on scientific literature. An Internet meme is a cultural code for a community of Internet users on a social network that reflects the order of life/network and aims to quickly transform personal communicative presuppositions into a creolized and textual type. An Internet meme is a complex mental structure transmitted through a network consisting of two parts: verbal (text) and para-linguistic (figure). These two parts, when integrated, offer the online community some idea related to the socio-social situation. Internet memes are divided into two groups: creolized memes (picture + text) and unified text memes. Creolized memes have a homogeneous semantic system, consist of two different structural levels: linguistic (verbal), visual (graphic, pictorial, sound, etc.), audio-musical, sound transmission of the linguistic side is also found in social networks. Text memes are structurally divided into the following groups: words-memes; memes from phrases; sentences-memes. The article will focus on the creation, types, values of these two groups. The preservation of language culture in a social network also applies to Internet memes. The article gives its own recommendations on this issue.

Keywords: internet meme, internet communication, internet space, non-verbal agents, creative memes, text memes.

З.Р. Курманбекова, К.К. Саркенова, Қ.Т. Маликов

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

«Интернет-мем» и их виды

Аннотация. Интернет-мемы как один из невербальных инструментов активно используются в социальных сетях в настоящее время. В данной статье рассматривается этот невербальный инструмент, свойственный языку социальных сетей. Появление интернет-мемов напрямую связано с усложнением и развитием жанровой структуры интернета. Они отличаются богатой семантикой и большой выразительностью, что позволило им быстро и широко распространиться в интернет-пространстве.

В статье предложено определение интернет-мема на основе научной литературы. Интернет-мем - это культурный код для сообщества пользователей интернета в социальной сети, который отражает порядок жизни/сети и направлен на быстрое преобразование личных коммуникативных пресуппозиций в креолизованный и текстовый тип. Он представляет собой сложную ментальную структуру, передающуюся через сеть и состоящую из двух частей: вербальной (текст) и параязыковой (рисунок). Эти две части при интеграции предлагают онлайн-сообществу какую-то идею, связанную с общественно-социальной ситуацией. Интернет-мемы делятся на две группы: креолизованные мемы (рисунок+текст) и единые текстовые мемы. Креолизованные мемы имеют однородную (гомогенную) смысловую систему, состоят из двух различных структурных уровней: языкового (вербального) и визуального (графического, изобразительного, звукового и т.д.), аудиомузыкального. В социальных сетях также встречается звуковая передача языковой стороны. Текстовые мемы по структуре подразделяются на следующие группы: слова-мемы; мемы из словосочетаний; предложения-мемы. В статье речь идет о создании, видах, значениях этих двух групп. Сохранение языковой культуры в социальной сети относится и к интернет-мемам. В работе даны собственные рекомендации по данному вопросу.

Ключевые слова: интернет-мем, интернет-общение, интернет-пространство, невербальные средства, креолизованные мемы, текстовые мемы.

Авторлар туралы мәлімет:

Курманбекова З.Р. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 8D02305 – «Филология» мамандығының докторанты, Астана, Қазақстан.

Саркенова Қ.Қ. – филология ғылымының кандидаты, профессор м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Маликов Қ.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kurmanbekova Z.R. – Ph.D. student of specialty 8D02305 - «Philology» L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Sarekenova K.K. – Candidate of Philological Sciences, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Malikov K.T. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.